

2009 жылғы 1 желтоқсандағы жинақтаушы зейнетақы жүйесінің ағымдағы жағдайы

2009 жылғы 1 желтоқсанда 14 жинақтаушы зейнетақы қоры (бұдан әрі – қорлар) өз қызметін жүзеге асырды. Ағымдағы жылдың қараша айында заңды тұлғаларға зейнетақы жарналарын тарту және зейнетақы төлемдерін жүзеге асыру жөніндегі қызметке лицензия берілген жоқ.

14 заңды тұлғаның қорлардың зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруға лицензиясы бар, оның ішінде 10 қор зейнетақы активтерін дербес басқару лицензиясына ие.

Есепті күнде 11 екінші деңгейдегі банк кастодиандық қызметті жүзеге асырды. Сонымен бірге, 6 екінші деңгейдегі банк қорларға кастодиандық қызмет көрсетті: «HSBC Банк Қазақстан» АҚ еншілес банкі, «Банк Центр Кредит» АҚ, «Қазақстан Халық Жинақ Банкі» АҚ, «Еуразиялық Банк» АҚ, «АТФ Банк» АҚ және «Ситибанк Қазақстан» АҚ.

Қорлардың салымшылары (алушылары)

Міндетті зейнетақы жарналары бойынша салымшылар (алушылар) шоттарының саны 2009 жылғы 1 желтоқсандағы жағдай бойынша 1 819,0 млрд. теңге жинақталған зейнетақы қаражатының жалпы сомасымен 7 734 000 болды. Міндетті зейнетақы жарналарын аударатын салымшылар шоттарының саны ағымдағы жылдың қараша айында 29 751-ге (0,4%), жинақталған зейнетақы қаражаты 21,0 млрд. теңгеге (1,2%) ұлғайды.

2009 жылғы 1 желтоқсанда міндетті зейнетақы жарналары бойынша салымшылар (алушылар) шоттарының ең көп саны 4 қорда жинақталды: «Қазақстан Халық Банкі» – 24,6%, «МЖЗҚ» – 22,8%, «Ұлар Үміт» – 13,0% және «БТА Қазақстан» – 11,4% немесе олардың үлесіне барлық қорлар салымшыларының жалпы санының 71,8%-ы келеді. Ағымдағы жылдың қараша айында 4 қордың үлесі 0,2 пайыздық тармаққа төмендеді.

Ерікті зейнетақы жарналары бойынша салымшылар (алушылар) шоттарының саны 2009 жылғы 1 желтоқсанда жинақталған зейнетақы қаражатының жалпы сомасы 1 019,3 млн. теңгемен 40 586 болды. Ерікті зейнетақы жарналарын аударатын салымшылар шоттарының саны ағымдағы жылдың қараша айында 571-ге (1,4%) ұлғайды, жинақталған зейнетақы қаражаты сондай-ақ 62,4 млн. теңгеге (6,5%) ұлғайды.

Ерікті кәсіби зейнетақы жарналары бойынша салымшылар шоттарының саны 2009 жылғы 1 желтоқсандағы жағдай бойынша жинақталған зейнетақы қаражатының жалпы сомасы 83,4 млн. теңгемен 4 072 болды. Ерікті кәсіби зейнетақы жарналарын аударатын салымшылар (алушылар) шоттарының саны ағымдағы жылдың қараша айында 2-ге, жинақталған зейнетақы қаражаты 0,3 млн. теңгеге (0,4%) ұлғайды.

Салымшылардың (алушылардың) жинақталған зейнетақы қаражаты

Салымшылардың (алушылардың) жинақталған зейнетақы қаражаты 2008 жылғы 1 желтоқсаннан бастап 2009 жылғы 1 желтоқсанға дейінгі кезеңде 445,8 млрд. теңгеге ұлғайып, 2009 жылғы 1 желтоқсанда 1 824,2 млрд. теңге болды. Ағымдағы жылдың қараша айында салымшылардың (алушылардың) жинақталған зейнетақы қаражатының өсімі 21,2 млрд. теңге (1,2%) болды.

Зейнетақы жарналарының жалпы түсуі ағымдағы жылдың басынан бастап 270,6 млрд. теңгеге (22,8%), оның ішінде ағымдағы жылдың қараша айында 25,5 млрд. теңгеге (1,7%) ұлғайып, 2009 жылғы 1 желтоқсанда 1 455,3 млрд. теңге болды.

Зейнетақы активтерін инвестициялаудан түскен, салымшылардың

(алушылардың) шоттарына бөлінген «таза» инвестициялық кіріс сомасы (комиссиялық сыйақыны шегергенде) 2009 жылғы 1 желтоқсандағы жағдай бойынша 477,4 млрд. теңге болды.

Ағымдағы жылдың басынан бастап «таза» инвестициялық кірістің өсімі 170,4 млрд. теңге (55,5%), оның ішінде ағымдағы жылдың қараша айындағы өсім 0,3 млрд. теңге (0,1%) болды.


Салымшылардың (алушылардың) қаражаты 2008 жылғы 1 желтоқсаннан бастап 2009 жылғы 1 желтоқсанға дейінгі кезеңіндегі жинақталған зейнетақы қаражатының көлемі мынадай көрсеткіштермен сипатталды:

Күні	млрд. теңге				
	1.01.08	1.01.09	1.12.09	1.01.09 салыстырғандағы өсім	1.01.09 салыстырғандағы өсім (%-бен)
Жинақталған зейнетақы қаражаты	1 208,1	1 420,5	1 824,2	403,7	28,4
Зейнетақы жарналары	912,1	1 184,7	1 455,3	270,6	22,8
«Таза» инвестициялық кіріс	339,3	307,0	477,4	170,4	55,5
«Таза» инвестициялық кірістің жинақталған зейнетақы қаражаты сомасындағы үлесі	28,1	21,6	26,2	-	4,6 %-ных пункта

Көрсетілген кестеден ағымдағы жылдың басынан бастап жинақталған зейнетақы қаражатының өсімі 403,7 млрд. теңгені құрағаны байқалады. жинақталған зейнетақы қаражатының орташа айлық өсімі 36,7 млрд. теңге болды.

2009 жылғы 1 желтоқсанда ең көп жинақталған зейнетақы қаражатының сомасына 4 қор ие болды: барлық қорлардың жинақталған зейнетақы қаражатының жалпы көлемінен «Қазақстан Халық Банкі» – 548,2 млрд. теңге (30,0 %), «МЖЗҚ» – 289,7 млрд. теңге (15,9%), «ҰларҮміт» – 237,0 млрд. теңге (13,0%) және «БТА Қазақстан» – 208,1 млрд. теңге (11,4 %) немесе жиынтығында осы 4 қордың үлесіне барлық жинақталған зейнетақы қаражатының 70,3%-ы келді. Ағымдағы жылдың қараша айында үлесі 0,2 пайыздық тармаққа азайды.

Зейнетақы жарналарының, «таза» инвестициялық кірістің және жинақталған зейнетақы қаражатының өзгеру динамикасы



Міндетті зейнетақы жарналарын уақтылы ұстап қалмау мен аудармау және жинақталған зейнетақы қаражатын бір қордан екінші қорға аударым жасауды уақтылы жүзеге асырмау үшін өсімпұл сомасы 2009 жылғы 1 желтоқсанда 10,8 млрд. теңге болды. Өсімпұлдың жалпы сомасының бір жылдағы өсімі 1,5 млрд. теңге (16,5%), оның ішінде ағымдағы жылдың қараша айындағы өсім 0,1 млрд. теңге (1,3%) болды.

Зейнетақы төлемдері және қорлардан сақтандыру ұйымдарына аударымдар 2009 жылғы 1 желтоқсанда 128,6 млрд. теңге болды немесе ағымдағы жылдың қараша айында 3,0 млрд. теңгеге (2,4%) өсті. Қорлар бір жыл ішінде алушыларға жалпы сомасы 39,1 млрд. теңгеге (43,7%), оның ішінде ағымдағы жылдың басынан бастап 36,5 млрд. теңгеге (39,6%) зейнетақы төлемдерін жүзеге асырды.

Ағымдағы жылдың басынан бастап зейнетақы аннуитет шарттарына сәйкес сақтандыру ұйымдарына алушылардың жинақталған зейнетақы қаражатын аударым жасау жалпы сомасы 2,6 млрд. теңгеге 1 339 алушыға жүзеге асырылды. Зейнетақы аннуитет шарттарына сәйкес сақтандыру ұйымдарына алушылардың жинақталған зейнетақы қаражатын аударым жасаудың жалпы сомасы 2009 жылғы 1 желтоқсанда 3,1 млрд. теңгені құрады.

Жинақтаушы зейнетақы жүйесі жөніндегі ақпаратты Агенттіктің сайтында орналастыру, сондай-ақ қорлардың ақпаратты бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауы салымшыларға (алушыларға) қорды дербес таңдауға және зейнетақы заңнамасы бойынша берілген жинақталған зейнетақы қаражатын бір қордан екінші қорға аудару құқығын пайдалануға мүмкіндік береді.


2009 жылғы 1 желтоқсандағы жағдай бойынша жинақталған зейнетақы қаражатын бір қордан екінші қорға аудару ағымдағы жылдың қараша айында 32,4 млрд. теңгеге (5,0%) ұлғайып, 680,5 млрд. теңгені құрады. Жинақталған зейнетақы қаражатын аудару 2008 жылғы 1 желтоқсаннан бастап 2009 жылғы 1 желтоқсанға дейінгі кезеңде 370,4 млрд. теңгеге немесе 1,8 есе, оның ішінде ағымдағы жылдың басынан бастап 355,4 млрд. теңгеге (2 есеге) өсті.

Қорлардың зейнетақы активтерінің құрылымы

2009 жылғы 1 желтоқсандағы жағдай бойынша ЗАИБЖАҰ-да инвестициялық басқаруда болған зейнетақы активтерінің жиынтық көлемі ағымдағы жылдың қараша айында 19,3 млрд. теңгеге немесе 1,1%-ға өсіп, 1 824,9 млрд. теңге болды.

2008 жылғы 1 желтоқсаннан бастап 2009 жылғы 1 желтоқсанға дейінгі кезеңде зейнетақы активтерінің орташа айлық өсуі 38,0 млрд. теңге болды.

Зейнетақы активтерінің жиынтық көлемінің өзгеру динамикасы



Зейнетақы активтерінің жиынтықты көлемін бөлу

ЗАИБЖАҰ / ЖЗҚ	Зейнетақы активтері	
	млн. теңге	%-бен
«Қазақстан Халық Банкі жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ, «Қазақстан Халық Банкі» АҚ еншілес ұйымы	549 281	30,10
"МЖЗҚ" жинақтаушы зейнетақы қоры" АҚ	290 658	15,93
"Жетісу" ЗАИБЖАҰ" АҚ	235 227	12,89
"ҰларҮміт" жинақтаушы зейнетақы қоры" АҚ	235 227	12,89
«БТА Банкі» АҚ еншілес ұйымы «БТА Қазақстан жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ	208 221	11,41
"GRANTUM Asset Management" ЗАИБЖАҰ" АҚ («Қазкоммерцбанк» АҚ ЕҰ)	105 893	5,80
"ГРАНТУМ жинақтаушы зейнетақы қоры" АҚ («Қазкоммерцбанк» АҚ еншілес ұйымы)	105 893	5,80
«Капитал» ЖЗҚ» АҚ - «Банк ЦентрКредит» АҚ еншілес ұйымы	80 938	4,44
"Еуразиялық жинақтаушы зейнетақы қоры " АҚ	59 574	3,26
"Мұнайгаз - Дем" жинақтаушы зейнетақы қоры" АҚ	59 156	3,24
"Нұр-Траст" ЗАИБЖАҰ" АҚ, "Нұрбанк" АҚ еншілес ұйымы	57 068	3,13
"Нұрбанк" АҚ еншілес ұйымы "Атамекен" жинақтаушы зейнетақы қоры" АҚ	57 068	3,13
"Отан" ашық жинақтаушы зейнетақы қоры" АҚ («АТФ Банк» АҚ ЕҰ)	54 122	2,97
"РЕСПУБЛИКА жинақтаушы зейнетақы қоры" АҚ	39 808	2,18
"АМАНАТ ҚАЗАҚСТАН жинақтаушы зейнетақы қоры " АҚ	38 705	2,12
"Қазақмыс жинақтаушы зейнетақы қоры" АҚ "	24 701	1,35
"Өрлеу" ЗАИБЖАҰ" АҚ	21 521	1,18
"Қорғау" жинақтаушы зейнетақы қоры" АҚ	21 521	1,18
Барлық ЖЗҚ бойынша жиынтығы	1 824 872	100

Инвестицияланған зейнетақы активтерінің көлемі қараша айында 17,1 млрд. теңгеге немесе 1,0%-ға өсіп, 2009 жылғы 1 желтоқсанда 1 778,8 млрд. теңгені құрады.

ҚР эмитенттерінің мемлекеттік емес бағалы қағаздарының жинақтаушы зейнетақы қорларының инвестициялық портфеліндегі үлесі 37,7%-ды құрайды. 2009 жылғы 1 желтоқсандағы жағдай бойынша мемлекеттік бағалы қағаздардың үлесі инвестицияланған зейнетақы активтерінің жалпы көлемінің 39,4%-ын құрады (701,2 млрд. теңге) және 2009 жылғы 1 қарашадағы жағдай бойынша осыған ұқсас көрсеткішке қатысты 12,6%-ға немесе 78,4 млрд. теңгеге өсті.

ЖЗҚ жиынтық инвестициялық портфелі

Қаржы құралдары	1.11.2009ж.		1.12.2009ж.	
	млн. теңге	%	млн. теңге	%
ҚР мемлекеттік бағалы қағаздары, оның ішінде	622 822	35,35	701 231	39,42
ҚР еурооблигациялары	0	0	0	0
Қаржы министрлігінің бағалы қағаздары	587 823	33,37	632 736	35,57
Ұлттық Банктің ноттары	34 998	1,99	68 495	3,85
Шетел эмитенттерінің мемлекеттік емес бағалы қағаздары	211 996	12,03	202 367	11,38
акциялар	46 078	2,62	46 765	2,63
облигациялар	165 918	9,42	155 602	8,75
Шетел инвестициялық қорларының пайлары	0	0	0	0
Халықаралық қаржы ұйымдарының бағалы қағаздары	92 952	5,28	93 025	5,23
Шетел эмитенттерінің мемлекеттік бағалы қағаздары	60 659	3,44	12 071	0,68
Тазартылған алтын	783	0,04	0	0
ҚР эмитенттерінің мемлекеттік емес бағалы	685 193	38,90	670 037	37,67

қағаздары, оның ішінде

акциялар	203 267	11,54	196 356	11,04
облигациялар, оның ішінде:	481 926	27,36	473 681	26,63
шетел валютасында номинирленген	25 312	1,44	18 485	1,04
теңгеге номинирленген	456 614	25,92	455 196	25,59
Екінші деңгейдегі банктердегі салымдар	82 240	4,67	93 562	5,25
Туынды бағалы қағаздар	5 064	0,29	6 536	0,37
Жиынтығы	1 761 709	100	1 778 829	100

Қорлардың номиналды кірісінің коэффициенті туралы мәліметтер

2009 жылғы 1 желтоқсандағы жағдай бойынша жинақтаушы зейнетақы қорларының зейнетақы активтері бойынша номиналды кірістің орташа алынған коэффициенті:


– 2004 жылғы қараша – 2009 жылғы қараша кезеңінде - 48,30%. Номиналды кірістің орташа алынған түзетілген коэффициенті - 44,68% (ұқсас кезеңдегі инфляцияның жинақталған деңгейі – 61,23%);

– 2006 жылғы қараша – 2009 жылғы қараша кезеңінде – 23,67% (ұқсас кезеңдегі инфляцияның жинақталған деңгейі – 38,36%);

– 2008 жылғы қараша – 2009 жылғы қараша кезеңінде – 12,34% (ұқсас кезеңдегі инфляцияның деңгейі – 5,8%) құрады.

Жинақтаушы зейнетақы қорларының номиналды кірісі коэффициентінің өзгеруі ағымдағы жылдың 2009 жылғы 1 желтоқсанында алдыңғы айдың көрсеткішімен салыстырғанда мынандай сипатта болды:

- 60 ай ішіндегі номиналды кіріс коэффициенті 0,13 пайыздық тармаққа өсті;
- 36 ай ішіндегі номиналды кіріс коэффициенті 0,95 пайыздық тармаққа өсті;
- 12 ай ішіндегі номиналды кіріс коэффициенті 1,36 пайыздық тармаққа өсті.

Қорлардың зейнетақы активтерінің және номиналды кірісі коэффициенттерінің арақатынасы**Қорлардың қаржылық жай-күйі**

Қорлардың жиынтық капиталы 2009 жылғы 1 желтоқсандағы жағдай бойынша 75,1 млрд. теңге болды, оның ішінде жарғылық капитал –4 0,2 млрд. теңге немесе жиынтық капиталдың жалпы көлемінің 53,5 %-ы болды. Қорлар бойынша активтердің

жалпы сомасы 2009 жылғы 1 желтоқсандағы жағдай бойынша 86,0 млрд. теңге болды, ағымдағы жылдың басынан бастап активтер сомасы 21,6 млрд. теңгеге (33,5%) ұлғайды.

Ағымдағы жылдың қырыша айында 4 қор («АМАНАТ Қазақстан», «Отан», «Қорғау» және «Республика») жалпы сомасы 1,0 млрд. теңге шығынға ұшырады, бұл ретте 11 қор жалпы сомасы 21,7 млрд. теңге пайда алды. Қорлардың таза кірісінің жалпы сомасы 2009 жылғы 1 желтоқсанда 20,7 млрд. теңге болды.

Қорлардың меншікті активтері есебінен қаржы инвестициялары 2009 жылғы 1 қарашадағы жағдай бойынша 68,2 млрд. теңге немесе қорлардың жиынтық активтерінің 79,3%-ы болды.

Қорлар меншікті активтерін Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздарына – 61,2%, Қазақстан Республикасы эмитенттерінің мемлекеттік емес бағалы қағаздарына – 14,2%, халықаралық қаржы ұйымдарының бағалы қағаздарына – 3,1%, «Кері РЕПО» операцияларына - 1,6% инвестициялады, екінші деңгейдегі банктердегі салымдарға – 10,3%, шетел эмитенттерінің мемлекеттік емес бағалы қағаздарына – 9,6% - инвестициялардың жалпы көлемінің 9,6% -ын орналастырды.

Республика экономикасындағы зейнетақы секторының ролі

Республика экономикасындағы зейнетақы секторының ролін сипаттайтын қатысты көрсеткіштердің динамикасы	1.01.05	1.01.06	1.01.07	1.01.08	1.01.09	1.12.09
ЖІӨ млрд.теңге	5 870,1	7 453,0	10 139,5	12 849,8	16 052,9	15 986,5*
Жинақталған зейнетақы қаражатының ЖІӨ-ге қатынасы, %-бен	8,2	8,7	9,0	9,4	8,8	11,4
Зейнетақы жарналарының ЖІӨ-ге қатынасы, %-бен	6,5	6,9	6,7	7,1	7,4	9,1
«Таза» инвестициялық кірістің ЖІӨ-ге қатынасы, %-бен	2,0	2,1	2,5	2,6	1,9	3,0
Қорлардың жиынтық капиталының ЖІӨ-ге қатынасы, %-бен	0,1	0,2	0,2	0,2	0,3	0,5

* - Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігінің болжам деректері